- The Ministry of Digital Development, Innovations and Aerospace Industries of the Republic of Kazakhstan;
- The Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan;
- The Ministry of Trade and Integration of the Republic of Kazakhstan;
- The Ministry of Ecology, Geology and Natural Resources of the Republic of Kazakhstan (egov.kz).
 - o State companies of Kazakhstan:
 - Zerde;
 - Kazakhstancaspishelf;
 - United Chemical Company;
 - KEGOC.
 - o Special services in Kazakhstan:
 - Kokzhal (special division);
 - SYRBAR;
 - The State Security Service of the Republic of Kazakhstan
 - Sunqar
 - o The National Security Committee of the Republic of Kazakhstan (ru.wikipedia.org).

We consider organizations listed as governmental organizations. For that reason, these places use the Russian language on the same level as the Kazakh language by Constitution and Law of Language.

«Bodies of local self-government–bodies, on which under this Law imposed functions by the decision of issues of local significance» (adilet.zan.kz). We've taken this definition from The Law of the Republic of Kazakhstan dated 23 January 2001, No 148 on Local Government and Self-government in the Republic of Kazakhstan. Therefore, the number of local self-government bodies includes rural, rural district, city, district, regional akimats and maslikhats.

Results and discussion

In all the above local self-administrative bodies, the Russian language is used equally with the Kazakh language. This has approved by the constitution and the Law of Language. And in all institutions, except for these places, there are no grounds for using the Russian language equally with the state language. Both the Constitution and the Language Law do not support this.

So, it turned out that our previous response to the questions «Why does not the Kazakh language have its proper status in real life as the status of under the Constitution? Why does the Russian language share this status, and most cases used in the Kazakh language's place?» as «the reason is, paragraph 2 of

Article 7 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan» is not correct. The Constitution does not give the Russian language the status of «official language» in this article; plus, they limit places, where we can use the Russian language equally use with the state language. The conclusion is that the constitution is not followed accordingly and not properly explained to the people. Any citizen who reads this second paragraph understands that the Russian language does not have the status of «official language».

However, media representatives are so enthusiastic that the Russian language is «official language», so we do not go to enrich and accept the information we read. It is difficult to say what the reason for the mass media representatives to give the Russian language official language status. Media representatives should always know the strong power they possess in connecting the government and the people and they need to keep in mind that it does not entitle them to make such a gross mistake in interpreting state documents. One of the main reasons for the failure of the Kazakh language to win a worthy status is that the people who use the Russian language «protect» themselves by claiming that the Russian language is understood as the «official language» of the Republic of Kazakhstan. Because our journalists explained it to them in that way. We give the following example to prove our statement. Reporter of the national TV channel Qazaqstan in their reportage named «we have found Hotels that have not complied with the Law on Language in Atyrau» (youtu.be) stated, «in many places they write information for the guests and menu in the official language». By official language, they mean the Russian language. It's easy to list such examples. However, we would like to ask the media who has a huge power not to confuse people by misinterpreting the information.

In conclusion, our goal is not to say people should forget the Russian language or to be ignorant of this language rather say the Kazakh language should own its worthy status. If we mastered the native language well, it would not be wrong to know another language. As Alash movement figure, doctor, teacher, scientist Khalel Dosmukhameduly said: «If you speak another language well knowing your mother tongue, then it's pleasant. If you speak another language well not knowing your mother tongue, then it's sorrow. Imitating other languages without knowing your native language is a big mistake» (Salkynbay, 2016: 45). Unfortunately, most of our people speak in another language well than their native language.

Conclusion

It's time for the brave Kazakh people, who have overcome many obstacles in their deep history to cherish, master in the highest level, give its worth status of the magnificent gift from the Almighty – the Kazakh language. For that, we need definitely to follow the Law, and there are some suggestions to remove completely the Russian language from the Constitution. We support this idea. Notwithstanding, every citizen of Kazakhstan has to understand and accept the notion «my state language is the Kazakh language, and mastering this language is my duty» instead of understanding the Russian language as an official language of the Republic of Kazakhstan. We don't mean to make people learn the language by forcing rather by showing them how beautiful and rich this language is and this should be our goal. The Constitution must protect the language. The great Kazakh hero Bauyrzhan Momyshuly described the Kazakh language: «The Kazakh language—the beautiful language that melts the body, temper the veins,

burns whole your soul system, delights the ear, motivates the man and the people by its sharpness in hard times, it's a mature language that can break off not only the person but the situation itself» (massaget.kz). We consider it as a natural law that such wonderful language lives in this world till the end, and it's a lifelong duty for people whose hearts beat for Kazakhs to serve on this path.

There is a saying of khan Ablai from the XVIII-th century: «From the Tian-Shan Mountains to the AralSea lies a land that has been inhabited by the Kazakhs since ancient times. The vast land from the Irtysh to the Volga, from Sarırqato the Alatau Mountains, is the motherland of the Kazakhs. All who dare to encroach upon this land will be beaten and driven out as has been done with the Jungers. We will greet our friends with open arms, but to our enemies, we will show no mercy» (kerekinfo.kz). We would like to conclude by saying that every citizen of the homeland of the Kazakhs should be eager to learn and master the state language accordingly to its proper status by the Constitution.

Литература

- <https://e-history.kz/kz/contents/view/507>
<http://e-history.kz/kz/publications/view/723>
http://www.akorda.kz/en/official_documents/constitution /The Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, «Akorda» Presidential Residence.
<http://adilet.zan.kz/eng/docs/Z970000151> /© 2012. «Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan» of the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan.
ru.wikipedia.org/wiki/Категория:Государственные_организации_Казахстана
https://egov.kz/cms/kk/information/state_agencies/ministries_committees/ © Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі.
<http://adilet.zan.kz/eng/docs/Z010000148> /© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан.
<https://youtu.be/IriDriw4OPs/Aqparat> / Ақпарат
Салқынбай А. Қазақ тіл білімі тарихы: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 220 б.
https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/31992/© Massaget.kz, 2011-2020.
<http://kerekinfo.kz/2011/09/02/abylay-han-1.html> / Көшпенділер, 2005.

References

- <https://e-history.kz/kz/contents/view/507> (In Kazakh)
<http://e-history.kz/kz/publications/view/723> (In Kazakh)
http://www.akorda.kz/en/official_documents/constitution, The Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, “Akorda” Presidential Residence (In English)
<http://adilet.zan.kz/eng/docs/Z970000151> © 2012. «Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan» of the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan (In English)
ru.wikipedia.org/wiki/Категория:Государственные_организации_Казахстана
https://egov.kz/cms/kk/information/state_agencies/ministries_committees/ © Electronic government of the Republic of Kazakhstan (in Kazakh)
<http://adilet.zan.kz/eng/docs/Z010000148> © 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан
<https://youtu.be/IriDriw4OPs/Aqparat> (In Kazakh)
https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/31992/© Massaget.kz, 2011-2020 (in Kazakh)
<http://kerekinfo.kz/2011/09/02/abylay-han-1.html> / Koshpendiler, 2005 (In Kazakh)
Salkynbay A. Kazakh til biliminin taryhy: oku kuraly. Almaty: Kazakh universiteti, 2016. 220 b. (In Kazakh)

Г.Н. Смағұлова , Ш.М. Мақатаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: smagulova.g@mail.ru; sh.mak@mail.ru

ЛИНГВОАКСИОЛОГИЯ: ҚАЗАҚТАР ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰҒЫМЫ

Мақалада қазақ қоғамында соңғы кезде жиі айтылып, түрлі мінберлерде талданып жүрген құндылық туралы сөз етіледі. Адамзат мәдениеті, оның әлеуметтік мінез-құлқы және ойлау өрісі тілден тыс өмір сүрмейді. Әр халықтың мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасап келе жатқан тілінен көрінеді. Кез келген қоғамдық-әлеуметтік қатынастардың негізін мәдени мазмұн, оның ішінде құндылықтар құрайды. Жалпы аксиологиядан біз тілге қатысты «лингвистикалық аксиологияны» сөз етеміз. Аксиология мен тіл білімінің арақатынасы тілдің аксиологиялық аймағын қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Адам – Тіл – Әлем» жүйесінде адам және қоғам болмысы қалыптасуының негізгі мағыналары арқылы тілде көрініс табуы басты назарға алынады. Бұл бағыттың мақсаты – тілдік тұлғаның ішкі әлемін танудың әдісі мен технологиясын анықтау, тілдік мәліметтер арқылы тұлға мен қоғамның құндылыққа деген көзқарасын зерттеу. Қазіргі тіл біліміндегі лингвоаксиология құндылықтарды танып білуге, құндылықтар жүйесін зерттеп, зерделеуге мол мүмкіндік береді. Лингвистикалық аксиология үшін ең алдымен аксиологиялық парадигмадағы «бағалау» концептісін қарастыру маңызды. Құндылықтар бағалау категориясымен тығыз байланысты. Бағалау – танымдық феномен ретінде сапаны анықтау формасы. Бағалау – жалпы алғанда, әлемді тану. Өмір сүру кеңістігіндегі субъектінің қабылдау, тану тәжірибесі.

Бағалау арқылы біз құндылықтарды танимыз. Адам танымы, білімі мен мәдениеті жалпы интеллекті деңгейіне қарай бағалау жүзеге асырылады. Баға беру арқылы лингвистикалық аксиологиялық талдау жүргізіп, әлемнің тілдік суретінде аксиологиялық аспектілерді көрсетеміз.

Түйін сөздер: аксиология, лингвоаксиология, құндылықтар, бағалау, аксиологемалар.

G.N. Smagulova, Sh.M. Makatayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: smagulova.g@mail.ru; sh.mak@mail.ru

Lingvoaxiology: the concept of values in the kazhaks worldview

This article discusses the concept of values which is widely discussed at different stages in the Kazakh society. The culture of humanity, its social behavior and thinking cannot live outside of language. The cultural characteristics of each nation are manifested in the language that has been formed over the centuries. Any social relations are based on cultural content, including values. Within the framework of the general axiology, we will consider «linguistic axiology». The correlation of axiology and linguistics will allow us to study the axiological field of language. In addition, in the system “Man-Language-World” special attention is paid to the main values of human development and existence of society that are displayed in the language. The objective of this direction – determination of methods and technologies of exploring the inner world of linguistic identity through language data to research the relationship of individual and society to values. Lingvoaxiology in modern linguistics gives you the opportunity to explore values, to examine and research the system of values. For linguistic axiology, it is important, first of all, to consider the concept of «evaluation» in the axiological paradigm. Values are closely related to the rating category. Evaluation is a form of defining quality as a cognitive phenomenon. Evaluation is generally understood as knowing the world and experience of perception, recognition of the subject in the space of life. By evaluating, we perceive values. The assessment of human cognition, knowledge and culture is carried out depending on the general level of intelligence. Through evaluation, we conduct a linguistic axiological analysis, which reflects the axiological aspects of the linguistic picture of the world.

Key words: axiology, linguoaxiology, values, assessment, axiological.

Г.Н. Смагулова, Ш.М. Макатаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: smagulova.g@mail.ru; sh.mak@mail.ru

Лингвоаксиология: понятие ценностей в мировоззрении казахов

В данной статье рассматривается понятие ценностей, которое широко обсуждается на разных этапах развития в казахском обществе. Культура человечества, его социальное поведение и мышление не могут жить вне языка. Культурные особенности каждого народа проявляются в языке, который формируется на протяжении веков. В основе любых социально-общественных отношений лежит культурный контент, в том числе и ценности. В рамках общей аксиологии мы будем рассматривать «лингвистическую аксиологию». Соотношение аксиологии и языкознания позволит нам изучить аксиологическую область языка. Кроме того, в системе «Человек – Язык – Мир» особое внимание уделяется основным значениям становления человека и бытия общества, которые отображаются в языке. Цель данного направления – определение методов и технологий познания внутреннего мира языковой личности, посредством языковых данных определить отношения личности и общества к ценностям. Лингвоаксиология в современном языкознании дает возможность познать ценности, изучить и исследовать систему ценностей. Для лингвистической аксиологии важно, прежде всего, рассмотреть концепт «оценивания» в аксиологической парадигме. Ценности тесно связаны с категорией оценки. Оценка-форма определения качества как познавательного феномена. Оценка – это в общем понимании познание мира. Опыт восприятия, признания субъекта в пространстве жизни. Путем оценивания мы познаем ценности. Осуществляется оценка человеческого познания, знаний и культуры в зависимости от общего уровня интеллекта. Путем оценки мы проводим лингвистический аксиологический анализ, где отражаются аксиологические аспекты языковой картины мира.

Ключевые слова: аксиология, лингвоаксиология, ценности, оценка.

Кіріспе

Адамзат қоғамында әр дәуір алыстап, ұрпақтар алмасқан сайын рухани сабақтастығы үзілмей, адамдар арасында жазылмаған қайсыбір өмір заңдылықтары қалыптасады. Сол заңдылықтар атадан балаға құндылықтар ретінде беріледі. Адам мәңгі жасамайды, алайда оның тіршілігінде игі іс ретінде жасағаны, көрген білгені, яғни әлеуметтік қарым-қатынасы белгілі бір өлшеммен бағаланады. Жақсы мен жаманның парқын қалай ажыратты, нені құндылық деп қабылдады деген ойларды түрлі әлеуметтік топтың өмір сүру дағдысына қарап бағалаймыз. Ал бағалау дегеніміз: «Адамды қоршаған ортамен, табиғатпен, әлеуметтік және басқа да шындықпен, адамдармен байланыстырып, құндылықтар әлеміне енгізетін бағалау болып табылады» (Нечепуренко, 2006: 173).

Құндылықтарды зерттейтін сала аксиология деп аталады. Аксиология – (axia – құндылық және logos – және сөз). Аксиология – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта алатын орны және құндылықтар әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім.

Құндылық ұғымымен байланысты аксиологиялық талдауларға негізінен философтар мен әлеуметтанушылар зерттеу нысаны ретінде

айтарлықтай көңіл бөлген. Аксиология терминін ғылымға ең алғаш рет 1902 жылы француз философы П. Лапи енгізді. 1904 жылы неміс философы Э. фон Гартман аксиологияны философиялық ұғымдар жүйесін құрайтын негізгі ғылым ретінде ұсынды. Қазіргі уақытта бұл термин тек философия мен әлеуметтануда ғана емес, сондай-ақ мәдениеттану және тіл білімі ғылымдарында да кеңінен қолданысқа ие болды.

Зерттеу парадигмасына қарай аксиологиялық талдаудың басты ұғымдарына: *бағалау*, *баға*, *құндылық*, *құндылықты мағына*, *құндылықты бағдарлау* жатады. Терминдердің жан-жақты жұмсалуды мен жасалу барысында мағыналылығы жағынан алғашқы орынға «құндылық» ұғымының басым болуы аңғарылады.

«Жалпы адамзаттық» құндылықтар мәдениеттің дамуын және тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ұлттық (ұлттық аксиосфера), саяси-әлеуметтік, индивидуалды жеке құндылықтар (жеке аксиосфера) бар. Антропология мен психологияда құндылықтар діни және эмоциялық факторларға байланысты позитивті, негативті, абсолютті деп бөлінеді. Құндылықтар әлемін адамдардың моральдық әлемі деуге болады. Демек құндылықтар – адамдардың рухани байлығының өлшемі.

«Адамның құндылығы оның не ала алатындығында емес, не бере алатындығында»- дейді А. Эйнштейн. Оның себебі, адам өмір сүрген жерде ғана, қоғам болған жерде ғана құндылықтар өмір сүретіні аксиомалық ақиқат. Олай болса, антропологиялық концепция бойынша құндылықтар мәселесі философияның ғана емес, өзге де ғылымдардың ерекше зерттеу нысаны екені даусыз. Антропологиялық лингвистика аясына адам санасында қорытылған білім бөліктері – концептілерді қарастыратын лингвоконцептология бөлініп шығады. Лингвистикалық концептология – философия, мәдениеттану, психология сияқты пәндердің ғылыми жетістіктерімен лингвистиканың зерттеу бағыттарының толығы арқылы жетілдірілген бағыт.

Адамзат мәдениеті, оның әлеуметтік мінез-құлқы және ойлау өрісі тілден тыс өмір сүрмейді. Әр халықтың мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасап келе жатқан тілінен көрінеді. Қазіргі тіл біліміндегі антропологиялық бағыттар: лингвоконцептология, лингвосоциология, лингвопсихология, лингвоэтнология, лингвомәдениеттану және лингвоаксиология яғни тіл арқылы құндылықтарды тану. «Адам – барлық заттың өлшемі» деп, Протогор айтқан ежелгі қағиданы еске алсақ, барлық құндылықтардың жиналып, түйісетін жері адам болып табылады.

Демек оның адами мүдделері, қажеттіліктері, ілгері жетектейтін үмітті күтілімдері, сондай-ақ, барлық, түрлі әрекеттерінің себептері де бір жерге қордаланады. М. Хайдеггер бойынша, құндылықтар әлемі (олардың спектрлері, сатылануы, құрылымы) адамның әлемде болуымен анықталады. Соған сәйкес, құндылық – адам жасаған жай ғана зат емес, тіпті заттың ой жүзіндегі образы да емес, ол адамның қоршаған ортамен, әлеммен қатынасының қасиеттері екен. (Сарсенбаева, 2018:12). Адамдардың құндылықтық қатынастарының қалыптасуы мен нәтижелеріне қарай, аксиологиялық теориялар тәжірибелерін талдап, зерттей келе, құндылықтар әлемінің түрлері анықтала бастайды. Мәселен, Г.Риккерт құндылықтардың ғылым, дін, өнер, мораль, жетілген мораль, және «құдіретті сүйіспеншілік» сияқты алты түрін сөз етеді.

Эксперимент

Тіл – дүниені танудан бастап, адам өмірінің барлық саласын, өмір тіршілігін тұтас қамтитын және оның заттық, рухани мәдениетін келер ұрпағына жеткізетін құрал. Бұл – тілдің

кумулятивтік қызметі. Әлемнің тілдік бейнесін өз танымына қарай қабылдау арқылы қалыптасқан ұлттық менталитет сипатын анықтау, коммуникациямен үйлестіру дискурстағы сөйлеу актісінің құзырында. Демек, адамды тіл ішінде тану дегеніміз – оның бүкіл болмысын тану, өмір сүру, күн кешу сияқты қарапайым тіршілік ұстанымдарын білу.

Аксиологиялық зерттеулер арасында тілге қатысты «лингвистикалық аксиология» басым бағытта. Құндылықтар таңбасы тіл арқылы ғана әлеммен байланыстыратыны белгілі. Аксиология мен тіл білімінің арақатынасы тілдің аксиологиялық аймағын қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Адам – Тіл – Әлем» жүйесінде адам және қоғам болмысы қалыптасуының негізгі мағыналары арқылы тілде көрініс табуы басты назарға алынады. Бұл бағыттың мақсаты – тілдік тұлғаның ішкі әлемін танудың әдісі мен технологиясын анықтау, тілдік мәліметтер арқылы тұлға мен қоғамның құндылыққа деген көзқарасын зерттеу.

Лингвистикалық аксиология үшін ең алдымен аксиологиялық парадигмадағы «бағалау» концептісін қарастыру маңызды. Бағалау – танымдық феномен ретінде сапаны анықтау формасы. Бағалау – жалпы алғанда, әлемді тану. Өмір сүру кеңістігіндегі субъектінің қабылдау, тану тәжірибесі.

Құндылықтар адам өмірінде *табиғи, мәдени, танымдық, этикалық, эстетикалық* т.б. болып бөлінеді. Сөйлеуші адам тіл арқылы құндылықтар әлемінде қатынас арқылы қызмет етіп, басқа да адамдармен, субъектілермен, социуммен байланыс жасайды. Сол себепті тіл жүйесінде лингвистикалық құндылықтар да болады. Осыған орай лингвистикалық аксиология мына жүйеде қызмет етеді: «Адам – Тіл – Қоғам – Мәдениет – Әлем». Бұл жүйе әлеуметтік маңызды әлем құрып, бір жағынан тілде қолданылса, екінші жағынан сөйлеу актісінде дискурстық бірліктер немесе мәтін арқылы адамдар қарым-қатынасын білдіреді.

Лингвистикалық аксиология әлеуметтік маңызы бар құнды қатынастарды бағалау әдісімен мәдениетте, уақыт пен кеңістікте зерттеуге негізделген. Лингвистикалық талдау арқылы тілдік құрылымдар мен жүйелерді саралауға бағытталған баяндау-мінездеу, ой ұшқырлығына негізделген тіл мен сөйлеу әрекеті анықталады. Сонымен қатар, лингвистикалық аксиология философияда, мәдениеттануда, семиологияда, әлеуметтік психологияда ерекше бағалау мағынасында жұмсалатын сөздермен

берілген концептілерді талдауға негізделген. Бұл ретте лингвистикалық аксиологиялық талдау міндетті түрде мағыналарды бағалаушылық тұрғыдан зерттеуге бағытталған болуы керек.

Тілді зерттейтін ғылым үшін әлеуметтік бағыттың алатын орны ерекше. Мұнда тіл мен әлеуметтік факторлардың байланысы ғана емес, сонымен бірге тілде әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметтік ұстанымдар секілді ұғымдардың көрініс табуы басты мәселе болуы тиіс. Тілдесушілердің сөздері арқылы дискурстық талдау арқылы адамдар әрекеті мен қоғамдағы жағдайларды бағалау жүзеге асады.

Құндылықтар бағалау категориясымен тығыз байланысты. Бағалау коммуникациялық үдерісте мәнге ие болады. Бағалау арқылы біз құндылықтарды танимыз. Адам танымы, білімі мен мәдениеті жалпы интеллекті деңгейіне қарай бағалау жүзеге асырылады. Баға беру арқылы лингвистикалық аксиологиялық талдау жүргізіп, әлемнің тілдік суретінде аксиологиялық аспектілерді көрсетеміз.

Н.Д. Арутюнованың пікірі бойынша, «бағалау – бұл когнитивті акт, соған сәйкес адамның өмірі мен қызметінде алатын орнын анықтау үшін субъектінің бағаланатын объектіге қатынасы белгіленеді» (Арутюнова, 1988: 124). Осы орайда мәтіннің екі түрі анықталады: жалпыға ортақ пікірге негізделген мәтін мен жеке пікірді білдіретін мәтін. Жеке пікірді білдіретін мәтіндерде «аксиологемалар», адамның ойын білдіретін құнды сөздер қолданылады. «Аксиологема» терминімен дискурсты әлемдегі бағалау ұғымын білдіретін кез-келген тілдік бірліктерді атауға болады. Бұл, ең алдымен, бағалаушылық пікірлер, мақал мәтелдер, тұрақты тіркестер, біліктілікті білдіретін сентенциалды сөздер. Сондай ақ, аксиологиялық аспектіде фразеологизмдерге тілдік құндылықтарды талдау барысында ерекше маңызы бар бірліктер ретінде назар аударға болады.

Әрбір адамның белгілі бір ұлттың өкілі екендігін ескерсек, ұлт болмысына тән ерекшеліктердің адам үшін маңызды, өзекті саналатын құндылықтарға, бағдарларға әсері бар екендігі анық нәрсе. Қандай болмасын, нендей деңгейде болмасын, кез келген қоғамдық-әлеуметтік қатынастардың негізін мәдени мазмұн, оның ішінде құндылықтар құрайды. Бұл туралы «Ғасырлар тоғысында» еңбегінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Жалпыадамзаттық өркениет болуы мүмкін емес. Солай бола тұрса да, оның кейбір нышандары өмірде бар. Бұндай көрер көзге қарама-қайшы ұғымға, өткеннен

қалған сүйексінді көзқарастарды былай ысырып тастап қарар болсақ, таңданатындай ештеңе жоқ. Иә, саяси-құқықтық және экономикалық институттардың, сондай-ақ осы заманғы өндірістің техникалық негізінің барған сайын бірізділікке түсіп келе жатқаны рас. Бірақ мәдениеттің, өркениеттің негізгі дәні бәрібір сол күйінде қалып отыр. Ол – өзін қандай да болмасын мәдениеттің біреуімен етене санайтын әрбір адамның жер мен көктегі дүниеге қарым-қатынасын, бүкіл өмірінің мән-мағынасы мен бағасын белгілейтін басты сипат. Ол – санада жылдап қалыптасқан құндылықтар жүйесі» (Назарбаев, 2010: 256-257) – деген.

Негізінде адам өзіне пайдалы әрекеттерді жақын тұтады. Пайдалы әрекеттермен айналысу арқылы субъектіден объектіге қадам жасайды. С.Кочеров «Субъектінің қажеттілігі мен мүддесіне объектінің сай келуі. Құндылық қатынасының нысаны ретінде табиғи әлемнің заттарын, әлеуметтік әрекеттің өнімін, әдеп нормалары мен рух шығармашылығын, тұлға аралық және қоғамдық қарым-қатынастарын атауға болады»- дейді. (Кочеров, 2011: 142).

Қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын негізгі архетиптер ретінде: *тәзімділік, ақ жарқын ашықтылық, ешқашанда тарылмау, бөгдені жатсынбау, кеңдік, аруақты құрметтеу, тәубешілдік, рақымшылдық, сөзге тоқтау, сөздің қадірін түсіну, ақын жандылық, үлкенді, ата-ананы сыйлау, бірлік, қонақжайлылық, ар-намысты жоғары ұстау, ұжымдық мүддені жеке мүддеден қашанда жоғары қою* т.б. басты сапалық белгілерді атап көрсетеді (Тәуелсіз Қазақстан философиясы, 2006: 484). Бұл сапалық белгілердің әлі күнге дейін қазақтың ұлттық келбетін тану және таныту қызметін атқарып келе жатыр.

«Құндылықтық қатынас қашанда субъектінің бойында белгілі бір қуану, сүйсіну, таңдану, табыну секілді эмоцияларды туғызады. Оның ішіндегі ең жоғарғы сатысы – қиеттерге табыну. Бұл мәселе, әсіресе, қоғамның адамгершілік тұғырлары мен мәдени дәстүрлерінің құнсыздануы мен құлдырауы кезінде өзінің өзектігін байқатады. Құндылықтар – бұл қасиеттер. Оларға деген табынушылық қатынас адам бойына бала кезден, ана сүтімен бірге, туған тілі арқылы моральдың негізі ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игерудің нәтижесінде сіңеді. Қасиеттер адамға моральдық жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындай түседі» (Дюсембина, 2015: 15).

Нәтиже және талқы

Шетелдік ғалымдар арасында 70-80-жылдары құндылықтар әлемінің өзгеріп отыруы мәселесі кең көлемде зерттелінді. Мәселен, Р. Уильямс құндылықтың өзгеру типологиясын адамдардың қауымдастығындағы әлеуметтік, саяси өзгерістеріне, жеке және топтық көзқарастардың ауытқуларына сүйене отырып қалыптастырған. Мәселен, құндылықтар деструкциясы деп, әлеуметтік өзгерістерге байланысты белгілі бір құндылықтардың жойылып, жоғалып кетуін айтады.

Ал құндылықтардың әлсіреуі – адамдар арасында белгілі бір құндылықтардың маңыздылығының төмендей бастауы. Мәселен, кеңестік идеологияның күшімен қазақ қоғамында дін, діни құндылықтардың төмендегенін білеміз. Бір кездегі атеистік қоғамда «дін – апиын» деп уағыздалды. Ал қазір дінге бет бұрушылық адам болмысына адамгершілік, имандылық сияқты құндылықтарды басым наихаттау бар.

«Жаным – арымның садағасы» деген қазақта соңғы кездері «ар-намысты жоғары ұстау» деген құндылықтың деңгейі кей тұста «әлсіреуі» байқалады. Бұл мәселе БАҚ-та, әлеуметтік желілерде өте жиі талқылануда. Қазақтың ұл-қыздарының бүгінгі заманда өз бастарына жауапсыз қарауы салдарынан алданған қыздар, тастанды сәбилер туралы фактілер азаяр емес. Қазақ қоғамында бұрын болмаған «Балалар үйі», «Аналар үйі» пайда болды.

Үлкенді, ата-ананы сыйлау – бұл да шытынап бара жатқан жұқа шыны іспеттес дүние десе де болады. «Қарттар үйі» осыған дәлел. Бұрын қалай еді? Үлкенді сыйлау: «Алақанға салу», «Қас-қабағына қарау» еді. Ал қазір «Тас бауыр», «Без бүйрек», «Құдайдан безген» деген бағалау сипаттарына ие болған балаларының әрекеттері.

Құндылықтардың күшеюі – керісінше, құндылықтардың әлеуметтік ортада жаңа беделдерге ие болып, ауқымын кеңейтіп, жаңа объектілерді қамтуы. Бұл ретте, қазақтардың дәстүрлі мәдениеті арқылы жалғасын тапқан – ешқашанда тарылмау, бөгдені жатсынбау, кеңдік, аруақты құрметтеу, тәубешілдік, рақымшылдық, қонақжайлылық сияқты құндылықтар қазіргі қазақ өміріндегі ең позитив көріністер.

Қазақстандық философтар құндылықтар мәселесіне еліміздің тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап терең мән берді. Бұл – заңды құбылыс. Себебі, дербестіктің дара жолына түскен жас мемлекетке қажетті құндылықтар жүйесін анықтау керек екені белгілі.

Ұлттық болмысқа тән құндылықтар жүйесін бүгінгі күн биігінен сөз еткенде, елдік тарихымыздың кейбір беттеріне үңілу қажеттігі туады. Тарихи, әлеуметтік-экономикалық жағдай мен рухани-мәдени даму күллі ұлттың және сол ұлттың әрбір өкілінің бойындағы құндылықтардың қалыптасуына және соған сәйкес өзіндік мақсат-мұраттарының өрістеп дамуына елеулі түрде әсер етеді. Себебі, «құндылықта адам немесе адами қауымдастық не үшін жер бетінде жүр, не үшін тіршілік етеді, өзінің өмірін неге арнайды, не арқылы өзін адам деп сезінеді, оның өміріне мағына береді. Бұл құндылықтардың мазмұны оларды ұстанатын адамдардың олар не үшін өмірін киюға дайын болғанымен шындық немесе жалған болуы мүмкін. (Тәуелсіз Қазақстан философиясы, 2006: 196).

Демек, ұлттық құндылықтар жүйесіндегі ұлттық тұтастыққа, ұлттық даралыққа, ұлттық дербестікке негіз болатын құндылықтарды анықтап, айқындап алу қажет. Сан қилы тарихи жағдайларға байланысты ұмыт болған құндылықтарымызды, рухани негіздерімізді ұлттық мұраны зерделей отырып қайта қарауымыз қажет. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз жасаған рухани-мәдени жетістіктер мен құндылықтар жүйесінің табиғатын терең зерделей отырып, оны бүгінгі ішкі және сыртқы тұтастығымызға ұйытқы болатын, тұғырлы тәуелсіздігіміздің тірегіне айналатын маңызды құрылым ретінде талдағанымыз дұрыс. Бұл тұрғыда, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізгерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр» – деп көрсетуі шындық (Назарбаев, 2010: 255).

Біздіңше, кемел келешекке, жарқын болашаққа ұмтылған әрбір ұлт тарихының беттерінде ұлттық құндылықтарының жойылып кетуіне әсер еткен оқиғалар аз емес. Ал, келешегі кемел ұрпақ ұлттық қасиеттің түп-тамырларына үздіксіз үңіле отырып, одан әрбір адамға тән және әрбір адамға ортақ адами қасиеттерді таба білуі тиіс. Отарлық саясаттың ықпалында болған кезеңде ұлттың ұлт болып қалу мәселесі өткір мәселе болды. Бүгін біз шерлі тарихымыздың шежіресіне назар аудара отырып, мерейлі болашақ жайлы ой қозғаймыз. Алайда, отарлық саясаттың ұлттық болмыстың өзіне тән келбетіне келтірген «нұқсанын» ескеруіміз қажет. Бұл туралы профессор Т. Ғабитов: «Ұлан-ғайыр, кең байтақ жерді иеленіп келген қазақ табиғатынан

батыр мінезді, бостандық пен еркіндікті қастерлеген қайсар халық еді. Бірақ 270 жылға созылған тәуелділік жылқы мінезді халықты момын, қой мінездіге айналдырды. «Жаман үйді қонағы билейдінің», «Есіктен кіріп, төр менікінің» күйіне түсе бастады» (Ғабитов, 2014: 255) – деп, дәлелді пікір айтады.

Орыстану саясатының негізінде қазақ тілі, жалпы мәдениеті құрып кетудің аз-ақ алдында қалғаны да рас. Тіл – өткен мен бүгінді, бүгін мен келешектің сан қырлы мәдениетін сабақтастыратын ұлт, халық үшін баға жетпес құндылықтардың бірі де бірегейі. Кез келген өркениетті мемлекетте мұндай ұлттық құндылықтарды құқықтық тұрғыдан қорғауға арналған заңнамалық тұжырымдары бар. Қазақстан Республикасының осындай ұлттық құндылығының негізі де, тірегі де – тіл. «Ғасырлар бойы ұлттық болмыстың өзіне тән бедерін бұзбай сақтаған тіліміз ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыруда да өз әлеуетін танытуы тиіс». (Өтеген, 2019: 28).

Қорытынды

Қорыта келгенде, лингвоаксиологияның ғылыми проблемалары қазақ тіл білімінің ізденіс саласына дендеп енуі тиіс. Егемен елдің рухани келбетінің көрінісі оның өткен мәдени өміріндегі ұлттық құндылықтар жүйесіне байланысты. Сондықтан, құндылықтарды қайта

жаңғырту, сондай-ақ, жаһандану үдерісінің аясында қарастыру және оны өміршең ету мәселесі зерттеу мен талдауды қажет етеді. Бұл ретте, аксиологемалардың тақырыптық, семантикалық саралануы құндылықтар өрісінің қолданбалы қызметін жан-жақты тереңдетеді.

Л.Н. Гумилевтің: «Дәстүрлі түркілік дүниетаным – материалдық құндылықтардан гөрі ата-бабалар өмірі мен олардың ерліктері туралы ұрпақтан-ұрпаққа берілген рухани құндылықтарға және сөзге негізделіп, сомдалған» (Гумилев, 1990: 245-246) – дегенінде нақтылы, айқын тұжырым бар. Демек, бұл тек қана философиялық ғылымдар үшін ғана емес, өзге де гуманитарлық ғылымдар үшін, әсіресе, тіл білімі үшін өзекті әрі күрделі зерттеу нысаны болуы тиіс.

Қазақ тілінің байлығы құндылықтар жүйесін зерттеп, зерделеуге мүмкіндік беретініне негіз болатын нәрсе тілдік деректер. Мұндай аксиологиялық деректердің молдығы ұлт үшін үлкен рухани қазына. Сондықтан да құндылықтық категориялар мен негізгі ұғымдары ұлттық құндылықтар жүйесінің аясында қарастырылады. Ұлттық мәдениет әлеміне көз жіберсек, құндылықтар әлемінен моральдық және менталдық дүниені көреміз. Жалпы адамзат мәдениетінің қатарынан орын алатын қазақ құндылықтарын жаһандану үдерісі аясында насихаттау лингвоаксиология концепциясы мен методологиясы арқылы зерттеу нысанына айналуы тиіс.

Әдебиеттер

- Нечепуренко Т.Л. Социокультурный компонент языковой личности как предпосылка развития системы оценки. – М.: МГПУ, 2006. – С. 173–179.
- Сарсенбаева З.Н. Этнос және құндылықтар. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 312 б.
- Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. – М.: Наука, 1988. – 124 с.
- Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 232 б.
- Тәуелсіз Қазақстан философиясы. 20-том. – Астана: Аударма, 2006. – 544 б.
- Кочеров С.Н. «Аксиологема» как проблема ценностей // CREDO NEW: теоретический журнал. – 2011. № 4. (электронды ресурс).
- Дюсембина Г.Е. Мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесі. (саяси мәтіндер негізінде). PhD ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2015. – 190 б.
- Ғабитов Т. Қазақ этикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 276 б.
- Өтеген Б. Тектілік: лингвофилософиялық парадигма. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 141 б.
- Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. – Баку, 1990. – 325 с.

References

- Arutyunova N.D. (1988) Tipy yazykovykh znacheniy: Otsenka. Sobyitie. Fakt. [Type of letter: Evaluation. Event. Fakt]. M.: Nauka. 124 p. (in Russian).
- Gabitov T. (2014). Qazaq etikasy. Oqu quraly. [Kazakh ethics. Textbook]. Almaty: Qazaq universiteti, [Kazakh University]. 276 p. (in Kazakh).
- Gumilov L.N. (1990). Tysyacheletie vokrug Kaspiya. [Millennium around the Caspian]. Baku: 325 p. (in Russian).

Dyusembina G.E. (2015). Merzimdi baspasozdegi galamnyn aksiologialyq beinesi. (saiasi matinder negizinde). PhD gylymdarynyn doktory gylymi darejesin alu ushin daiyndalghan dissertatsiya. [Axiological picture of the universe in periodicals. (based on political texts). The dissertation for the degree of Doctor of Philosophy]. Almaty, 190 p. (in Kazakh).

Kosherov S.N. (2011). «Aksiologema» kak problema tsennosti. [Axisologema is a cost problem.] NEW CREDO: Теоретический журнал. [Theoretical journal]. No 4. (electronic resource). (in Russian).

Nazarbayev N. (2010). Tarih tolqynynda. [In the stream of history]. Almaty: Jibek joly, 232 p. (in Kazakh).

Nechepurenko T.L. (2006). Sotsiokulturnyi komponent yazykovoï lichnosti kak predposylka razvitiya sistemy otsenki. [Sociocultural component of a linguistic personality as a level of development of an assessment system]. M.: MGPU, Pp. 173–179. (in Russian).

Otegen B. (2019). Tektilik: lingvofilosofiyalyq paradigma. [Purpose: linguistic and philosophical paradigm]. Almaty: Qazaq universiteti, [Kazakh University]. 141 p. (in Kazakh).

Sarsenbaeva Z.N. (2018). Etnos jane qundylyqtar. [Ethnicity and values]. KRBGMGN Filosofiya, sayasattanu jane dintanu instituty [Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, SC MES RK, 2018]. Almaty, 312 p. (in Kazakh).

Tauelsiz Qazaqstan filosofiyasy. (2006). [Independent Kazakhstan philosophy]. 20-rom. Astana: Audarma, 544 p. (in Kazakh).

Л.А. Смирнова

Сатпаев университет, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: smirnovalyudmila@hotmail.com

СЕМАНТИКО-СИНТАКСИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СЛОЖНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ С СОЮЗАМИ AS IF И AS THOUGH

Настоящая статья посвящена сложным конструкциям с союзами *as if* и *as though*, которые в лингвистической литературе трактуются по-разному. Семантическая неоднозначность союзов *as if* и *as though* позволяет исследователям считать придаточные предложения, вводимые ими, придаточными нереального сравнения, придаточными образа действия или придаточными нереального сравнения и образа действия. С синтаксической точки зрения рассматриваемые конструкции охватывают предложения с придаточным предикативным, обстоятельственным и аппозитивным, причем каждый синтаксический тип предложений, как правило, рассматривается отдельно. Автору статьи представляется правомерно квалифицировать конструкции с союзами *as if* и *as though* как сложные предложения с нереальным сравнением на том основании, что в семантической структуре союзов присутствуют семы сравнения, предположения и условия. Метод трансформаций, а также анализ лексического наполнения сложных предложений, их грамматических характеристик и пунктуационных особенностей позволяют прийти к выводу, что придаточные в них характеризуются синкретизмом значений: наряду с нереальным сравнением они могут выражать значения образа действия, причины, цели, уступки и качественной характеристики. Автор предлагает считать семантический синкретизм придаточных, оформленных союзами *as if* и *as though*, отличительным признаком конструкций с нереальным сравнением, что дает еще одно основание выделить их в отдельную группу.

Ключевые слова: нереальное сравнение, сложные предложения, предикативные придаточные, обстоятельственные придаточные, аппозитивные придаточные, синкретизм.

L.A. Smirnova

Satbayev University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: smirnovalyudmila@hotmail.com

Semantic and Syntactic Peculiarities of Complex Sentences with the Conjunctions *as if* and *as though*

This paper is devoted to complex constructions with the conjunctions *as if* and *as though*, which are viewed differently by different scholars. The semantic ambiguity of the conjunctions *as if* and *as though* enables the linguists to define the subordinate sentences introduced by these conjunctions as the subordinate clauses of unreal condition, of manner or of manner and unreal condition. Syntactically the constructions under analysis embrace sentences with the predicative, adverbial and appositive subordinate clauses, which, as a rule, are analyzed as separate syntactic types. The author of the article considers it expedient to qualify constructions under analysis as complex sentences with unreal comparison on the ground that the semantic structure of the conjunctions contains the semes of comparison, supposition and condition. The transformation method, as well as the analysis of lexical factors, grammatical and punctuation peculiarities, has made it possible to state that these subordinate clauses are characterized by a semantic syncretism: alongside with the meaning of unreal comparison they can express manner, cause, purpose, concession and qualitative characteristics. The author claims that semantic syncretism of the subordinate clauses introduced by the conjunctions *as if* and *as though* can be considered a distinctive feature of the constructions with unreal comparison, which allows to combine them into a separate group.

Key words: unreal comparison, complex sentences, predicative clauses, adverbial clauses, appositive clauses, syncretism.

Л.А. Смирнова

Сәтбаев университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: smirnovalyudmila@hotmail.com**As if және as though жалғауларымен жасалатын күрделі сөйлемдердің синтаксистік-семантикалық ерекшеліктері**

Мақала лингвистикалық әдебиеттерде әртүрлі түсіндірілетін *as if* және *as though* жалғаулықтары арқылы жасалатын күрделі конструкциялар жайлы қарастырады. *As if* және *as though* жалғаулықтарының семантикалық екіұштылығы зерттеушілерге бағыныңқы сөйлемдерді нақты емес салыстыру элементтері бар бағыныңқы сөйлемдер мен іс-қимыл сипаттағы бағыныңқы сөйлемдер ретінде қарастыруына мүмкіндік береді. Синтаксистік тұрғыдан алғанда, қарастырылып отырған конструкциялар предикаттық, пысықтауыштық және аппозитивтік бағыныңқы сөйлемдерді қамтиды және сөйлемдердің әрбір синтаксистік түрі жеке қарастырылады. Мақала авторы *as if* және *as though* жалғаулықтары арқылы жасалатын конструкцияларды нақты емес салыстыру элементтері бар күрделі сөйлемдер ретінде қарастыру заңдылық деп есептейді. Себебі жалғаулықтардың семантикалық құрылымында салыстыру, болжам және шарттылық семалары кездеседі. Өзгеру тәсілі, сонымен қатар күрделі сөйлемдердің лексикалық, грамматикалық және пунктуациялық ерекшеліктеріне жасалынған талдау бағыныңқы сөйлемдердің мағыналық синкретизм арқылы сипатталатынын көрсетеді: нақты емес салыстырулармен қатар олар іс-қимыл сипаты, себеп, мақсат, келісім және сапалық сипаттамаларды да білдіре алады. Автор *as if* және *as though* жалғаулықтары арқылы жасалатын бағыныңқы сөйлемдердің мағыналық синкретизмі нақты емес салыстыруы бар конструкциялардың айрықша белгісі деп қарастыруды ұсынады, ал бұл оларды жеке топ ретінде бөліп қарастыруға негіз бар екенін білдіреді.

Түйін сөздер: шынайы емес салыстыру, күрделі сөйлемдер, предикаттық бағыныңқы сөйлемдер, пысықтауыштық бағыныңқы сөйлемдер, аппозитивтік бағыныңқы сөйлемдер, синкретизм.

Введение

Предложения с союзами *as if* и *as though* постоянно находятся в поле зрения исследователей. Это связано с тем, что, во-первых, эти союзы характеризуются широкой синтаксической комбинаторикой: они могут использоваться с прилагательными, причастиями, предложными сочетаниями, инфинитивными, причастными оборотами, а также вводить придаточные предложения. Во-вторых, эти союзы отличаются семантической синкретичностью, что позволяет высказываниям, оформленным ими, передавать тонкие оттенки значений. В-третьих, несмотря на большее количество исследований, посвящённых союзам *as if* и *as though*, до сих пор остаётся много спорных моментов, касающихся их семантики, типов придаточных предложений, вводимых этими союзами, видо-временных форм глаголов-сказуемых в них, а также пунктуации.

В лингвистической литературе союзы *as if* и *as though* трактуются как маркеры сравнительных предложений (Блох, 1983; Кобрин, Корнеева, 1986), маркеры компаративных кластеров (Гукетлова, 2018), модификаторы сравнения (Буглак, 2012), знаки кажимости (Арутюнова, 1999), знаки нереального сравнения (Каверина, 2011). М.Я. Блох считает, что в предложениях с этими союзами в имплицитной форме представ-

лено условие (Blok, 1983:197), а самим союзам присуще значение сравнения (Blok, 1983:324). Анализ словарных дефиниций данных союзов подтверждают наличие в их семантической структуре несколько сем. Рассмотрим следующие словарные статьи.

as if/as though = in a way that suggests that something is true, used to suggest a possible explanation for something, although you do not think that this is the actual explanation (Longman Advanced American Dictionary, 2001)

as if/as though = in the same way as (NTC's Beginner's Dictionary of American English Usage, 1991)

as if = as it would be if, as one would do if (Webster's Ninth New Collegiate Dictionary, 1991)

Очевидно, что в союзах *as if* и *as though* присутствует семы способа действия, сравнения, предположения и условия. Поскольку способ совершения действия может выражаться через сравнение, а предположение и условие не являются реально существующими действиями, для удобства анализа материала эти четыре семы можно свести к двум – сравнения и нереальности.

Семантическая неоднозначность союзов *as if* и *as though* обуславливает существование разных подходов к определению статуса придаточных предложений, оформленных ими. Наиболее распространённой является точка зрения, согласно которой структуры с союзами *as if* и *as*

though считаются предложениями с нереальным сравнением (Иванова, 1981; Николаева, 2014; Буглак, 2012; Guirk, 1982). Существует и другое мнение, в соответствии с которым они относятся к придаточным образа действия (Close, 1979). М.Я. Блох объединяет адвербиальные придаточные, вводимые союзами *as if* и *as though*, в одну группу обстоятельственных предложений образа действия и сравнения, поскольку они квалифицируют действие или событие, выраженное в главном предложении (Blok, 1983:323). Интересна трактовка подобных конструкций в русском и немецком языках не в качестве отдельного типа предложений, а как разновидности сложных предложений с другими придаточными (Румянцева, Рахметова, 2011). Те исследователи, которые анализируют предложения по аналогии с членами предложения, полагают, что придаточные с союзами *as if* и *as though* могут быть предикативными и обстоятельственными сравнения (Каушанская, 1973; Камянова, 2017), а также аппозитивными (Кобрина, Корнеева, 1986). Сложность в определении статуса придаточных предложений с союзами *as if* и *as though* заключается, на наш взгляд, в разнообразии их семантики и в их способности находиться в разных синтаксических отношениях с главным предложением.

Эксперимент

Цель настоящей статьи – определить синтаксико-семантические особенности сложных предложений с союзами *as if* и *as though*. Материалом для анализа послужили более 800 примеров из произведений современных английских и американских авторов.

Исходя из того, что в семантической структуре союзов *as if* и *as though* присутствуют семы сравнения и нереальности, представляется правомерным семантически квалифицировать сложные предложения с этими союзами как предложения нереального сравнения. Одним из подтверждений этого являются конструкции, в которых союз *as if*, вводящий придаточное предложение, коррелирует с союзом *as*, используемым в главной части предложения, что позволяет рассматривать *as ... as if* в качестве сравнительного парного союза по аналогии с союзом *as ... as*.

The small of my back aches and my cheeks felt as hot as if I'd just gotten back from a run ... (AA 94)

Еще одним основанием, позволяющим трактовать рассматриваемые конструкции в качестве сложных предложений с нереальным сравнением, является то, что придаточное, вводимое союзом *as if*, может находиться в сочинительной связи с придаточным сравнения, оформленным парным сравнительным союзом *as... as*.

I felt as alone as I'd ever felt in my life, as if I didn't exist. (PC 324)

Вместе с тем, в лингвистической литературе отмечается способность нереального сравнения семантически осложняться другими отношениями (Хлебникова, 2005; Александрова, 1985; Вальваков, 2011). Дополнительные оттенки значений, а также факторы, под влиянием которых они реализуются в сложных предложениях нереального сравнения, будут подробно описаны при рассмотрении различных синтаксических типов этих конструкций.

Анализ материала показал, что с синтаксической точки зрения придаточные, вводимые союзами *as if* и *as though*, могут быть предикативными, обстоятельственными и аппозитивными. Союзы *as if* и *as though* в них одинаково частотны и встречаются в семантически идентичных контекстах. Глаголы-сказуемые в придаточных предложениях могут выражаться формами прошедшего времени (простой, длительной, перфектной) активного и пассивного залога, сочетанием модальных глаголов *would*, *could*, *might* с инфинитивом и, очень редко, формой настоящего времени (менее 4%). В приведенном ниже примере сказуемое придаточного предложения имеет форму настоящего времени, поскольку обозначает ситуацию, близкую к реальной, что подтверждается последующим контекстом. Миссис Колифф – публичное лицо. Она достаточно известная журналистка, внучка конгрессмена, постоянно находится под пристальным вниманием общественности. В результате ее читателям кажется, что они знают о ней не меньше, чем обычно знают о людях, с которыми тесно знакомы.

Mrs. Cauliff, I feel as though I know you," she said. "I've seen you on television, and I read your column, and over the years I have read about you and how your grandfather brought you up after your parents died" (HC 81).

Рассмотрим разные синтаксические типы сложных предложений нереального сравнения.

Предложения, в которых придаточные с *as if* и *as though* находятся в сочинительных отношениях с именной частью сложного сказуемого не оставляют сомнений в том, что эти придаточные являются предикативными. В следующем примере придаточное *as though he was looking for a fight with his mother* стоит в однородном ряду с прилагательными *anxious* и *angry*, которые являются предикативами в составе сложного именного сказуемого.

The funny thing was that he sounded anxious to see Nick, and yet angry too, and as though he was looking for a fight with his mother (DS 274)

В главной части сложных предложений с придаточным предикативным используется глаголы бытия и чувственного восприятия *to be*, *to look*, *to feel*, *to sound*, *to smell*, *to seem*. Если подлежащим главного предложения является формальное *it*, в придаточной части выражается предположение о каких-то действиях или состояниях, возможных или невозможных, которые позволяют оценить конкретную ситуацию.

